

**Сабақтың мақсаты мен міндетін  
қоюда мұғалімдердің әдеттегі  
қателіктері**

---

# Коучинг мақсаты

- *Мұғалімдер сабақтарындағы мақсаттары мен оларды шешу жолдары жұмысындағы типтік қателіктерді анықтай алады.*
- **Міндеттер-** мұғалімдер істей алады:
- *Жоспарларында, сонымен қатар сабақтарда оқушыларға мақсаттарды дұрыс қою қажеттілігін тұжырымдауды;*
- *Мақсаттар мен міндеттер арасындағы айырмашылықты талдауды;*
- *SMART критерийлер мен жетістік критерийлерін түсіндіруді.*

Сабақтың мақсаты дегеніміз не?

---

?????

# Сабақтың мақсаты дегеніміз не?

---

- Бұл сабақтағы оқушы жұмысының нәтижесін мұғалімнің болжауы
- *Оқушы нені үйренді?*
- *Біз оқушы жұмысының нәтижесі қандай екенін көреміз?*

## Сабақ жоспарындағы мұғалімдердің негізгі қателіктері

---

**«Сабақ мақсаты оқушының  
нақты не істейтінін,  
нәтижесінде нені көруге  
болатынын анықтамайды.»**

# 1 қате

## мұғалімдер мақсатты оқушыға қоймайды

---

- «Оқушыларды картадағы шартты белгілермен таныстыру»
- «Анықтауыш туралы білімдерін жүйелеу»
- « Британия тақырыбы бойынша жаңа лексиканы таныстыру және бекіту»
- Біз оқушы жұмысының қандай нәтижесін көре аламыз? Оқушылар нақты нені үйренеді?

## 2 қате

### Мақсаттар «жалпылама»

---

«оқушылар үшбұрыштың ауданы туралы түсінік алады»

«Оқушылар Ом заңын меңгереді»

«Өткен материалды қайталау»

*Осындай формальді мақсаттар- бұл олардың жетістігіне деген мұғалімдердің жауапкершіліктен кетуі.*

Біз оқушы жұмысының қандай нәтижесін көре аламыз?  
Оқушылар нақты нені үйренеді?

## 3 қате

# мақсаттар оқушыға жеткізілмейді

---

- Бүгін біз «Африка өсімдіктері» тақырыбымен танысамыз
- Бүгінгі сабақта мен сіздерге қазақтың ұлы ағартушысы, ақын – жазушы Абайдың шығармашылығы туралы айтамын.
- Біз оқушы жұмысының қандай нәтижесін көре аламыз? Оқушылар нақты нені үйренеді?



## 4 қате

# Мұғалімдер оқушының сабақ мақсатын түсінгенін нақтыламайды

---

- Мұғалімнің белгілеген мақсатын мұғалім мен оқушының әртүрлі түсінуі.
- Олардан қандай нәтиже күтетінін, оқушылардың түсінгендіктерін нақтылау үшін кері байланыстың қажеттілігі.
- Және мақсатқа жету үшін оларға қандай қадамдарды орындау қажеттігі?

5 қате- мұғалімдер мақсат пен міндеттерді шатастырады.

---

## «Көпсатылы» мақсаттар

- Оқушылар мәтіннен 5 етістік табады, етістіктің шақтарын, зат есіммен байланысын анықтайды және 5 сөйлем құрайды.
- Мұнда мақсат қандай? Міндеттер қандай?

## 6 қате. Сабақ мақсатының орындалғанына қорытынды жасалмайды

---

- Сонымен, есімізге түсірейік, сабақтың мақсаттары қандай болды?
- Мақсатты орындау үшін, сіздер қандай ТК жету керек еді?

Неліктен сіздер мақсаттарды орындай алдыңыздар? (орындай алмадыңыздар) және т.б.

# Мақсаттарда СМАРТ критерий болуы қажет

---

- **S-specific**- Спецификалық, нақтылы. Яғни не нәрсеге қол жеткізу қажет.
- **M-measurable**-Өлшеуге болатын. Яғни мақсатқа жеттік деп айта алатындай болу керек.
- **A-attainable**- Қолжетімді. Яғни іс-әрекетке негізделген. Себебі нақтылы қандай іс-әрекет өзімізге қажет нәтиже беретінін түсініуіміз қажет.
- **R-realistic**-Шындыққа негізделген. Яғни қойылған мақсатқа жете алатындай.
- **T-time-bound**-Нақтылы мерзімі және мақсатты жүзеге асыратын орынды құралдары болу керек.

# SMART мақсатқа мысал

---

- Тарих- «Оқушылар өз таныстырылымында Кенесары Қасымов көтерілісінің себептерін талдайды және оның тарихи маңыздылығы тұжырымдайды»
- Нақты
- өлшемді
- қолжетімді
- Маңызды, шынайы және нәтижеге бағытталған белгіленген уақыт шеңберінде

# Мақсатты анықтауда біз қандай етістіктерді қолданамыз?

---

- Біз *көре алатын, оқитын немесе тыңдай алатын* етістіктерді қолдану керек.
- Мысал
- Оқушылар **жаза алады.....**
- Оқушылар **топтастыра алады...**
- Оқушылар **салыстыра алады.....**

# SMART мақсатқа етістіктер

---

**Мынадай сөздерден аулақ болыңыздар:**

- *Жаттықтыру, біледі, түсінеді.* Оқытудың тиімділігін бағалауда олар **жалпылама**. Сонымен қатар, оқыту барысында оқушылардың меңгерген білімдерін анықтауға бұл сөздердің көмек етпейді
- Оқушылар жергілікті жерде картаны қолдануға жаттығады???
- Пушкин шығармашылығы туралы жаңа материалды түсінеді?????

# МІНДЕТТІ!!!

---

- Сабақ мақсаты оқушы мақсаты болмайынша, оның ешбір мәні!!!!!!



# ТК немесе Күтілетін нәтижелер

---

- Мақсат- оқушылар «Англия» тақырыбы бойынша «I am planning to» грамматикалық құрылымы мен жаңа сөздерді қолдану арқылы ( 250-300 сөз) қысқа эссені жаза алады
- Мұғалім оқушыға мақсатты қалай жеткізеді?
- «Бүгін сіздер Англия тақырыбы бойынша қысқаша шығарма жазасыздар » Бұл үшін .....табыс критерийін құру керек
- **ТК**- «Мен 55- беттегі жаңа сөздерді білемін»
- «Мен грамматикалық құрылымның мәнін түсінемін»
- «Мен грамматикалық құрылым мен жаңа сөздерді қолдана отырып, сөйлем құра аламын»

# Қазақ тілі

---

**Мақсат** – Оқушылар меңгерген етістіктерді қолдана отырып өткен шаққа 5 сөйлем құра алады.

- **Міндеттер**- Оқушылар жасай алады
- мәтіннен 5 етістіктерді табу,
- етістіктің шақтарын белгілеу,
- Сөйлемдегі етістіктерді зат есіммен байланыстыру

# Мақсат пен міндет арасындағы айырмашылық

---

## Мақсат-

Бұл- біздің неге жетуіміздің қалауы

## Міндет-

Бұл үдеріс- оған біз қалай жеттік?

# МАҚСАТТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

---

- МАҚСАТТАР оқушыға **нені** меңгеретінін, не үшін жасайтынын түсіндіреді. Ол мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жақсартады, әрекет **нәтижесін өзіндік бақылауға және саналы бақылаудың қажеттілігін** қамтамасыз етеді.

# Есте сақтау ҚАЖЕТ

---

- Сабақ жоспары SMART мақсаттар мен САБАҚ міндеттерінен тұрады
- САБАҚТА болуы қажет:
  - а. оқушыларды сабақ мақсаттарымен таныстыру немесе оқушыларды мақсат қоюға тарту
  - в. оқушылардың сабақ мақсатын түсінгенін нақтылау және оған жетудің (ТК) қадамдарын анықтау.
  - с. Мақсаттардың орындалғанына қорытынды жасау